# Қазақстандағы кәсіпорындардың іскерлік белсендігі
**2023 жылғы IV тоқсан**

**Релиз күні: 15.01.2024**
**Келесі релиз күні: 15.04.2024**

[1. Негізгі тұстары](#)
[2. Конъюнктуралық зерттеу](#)
[3. Әдіснамалық түсіндірмелер](#)
[4. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер](#)
[5. Электрондық кестелер](#)

## 1. Негізгі тұстары

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың және сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерлік сенімділік индексі 2023 жылдың IV тоқсанда III тоқсанға қарағанда өзгеріссіз қалды;

Құрылыс кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерлік сенімділік индексі 0% құрады.

**Кәсіпкерлік белсенділік индексінің өзгерісі**




## 2. Конъюнктуралық зерттеулер

2023 жылғы IV тоқсанда 84% **өнеркәсіп** кәсіпорындарының басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған.

Ағымдағы уақытпен салыстырғанда 68% кәсіпорын өзінің қаржылық – шаруашылық қызметінің өзгеріссіз қалуын, 16% - жақсаруын және 14% - нашарлайтындығын күтеді.

2023 жылғы IV тоқсанда 84% **сауда** кәсіпорындардың басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған.

Ағымдағы уақытпен салыстырғанда 69% кәсіпорын өзінің қаржылық – шаруашылық қызметінің өзгеріссіз қалуын, 15%- жақсаруын және 15% - нашарлайтындығын күтеді.

2023 жылғы IV тоқсанда сауда кәсіпорындарын зерттеу нәтижелері бойынша іскерлік белсендігі өзгеріссіз.

2023 жылғы IV тоқсанда сату түрлері бойынша сауда көлемі:

· көтерме сауда -21%
· бөлшек сауда -21%
· электронды сауда алаңы арқылы -8%
· электронды сауда алаңынан тыс -29%

2023 жылғы IV тоқсанда 82% **құрылыс** кәсіпорындарының басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған.

Ағымдағы уақытпен салыстырғанда 64% кәсіпорын өзінің қаржылық – шаруашылық қызметінің өзгеріссіз қалуын, 18% - жақсаруын және 16% - нашарлайтындығын күтеді.

2023 жылғы IV тоқсанда 4729 кәсіпорындарының басшылары өндірісті қызметін шектейтін факторларды атап өтті:

**Өндірістік әрекетті шектейтін фактор**




ESG критерийлерін талдау республикадағы кәсіпорындардың 75%-ы экологиялық критерийлерге, 63%-ы корпоративтік басқару критерийлеріне сәйкес келмейтінін, сонымен қатар кәсіпорындардың 53%-ы әлеуметтік критерийлерге сәйкес келмейтінін көрсетеді.




Осылайша, өткен тоқсанмен салыстырғанда ағымдағы тоқсанда шығарындылардың 28%-ы төмендегенін байқады, бұл ретте компаниялардың 34%-ы шығарындылар мен төгінділер көздерінде экологиялық бақылауды жүзеге асырмайтынын атап өткен жөн.

Сондай-ақ кәсіпорындардың 59%-ында ұзақ мерзімді даму стратегиясы бар, ал кәсіпорындардың 30%-ында ерікті медициналық сақтандыру және материалдық көмек түрінде қызметкерлерге қосымша әлеуметтік қолдау пакеті бар екенін атап өткен жөн.

## 3. Әдіснамалық түсіндірмелер

Өнеркәсіп кәсіпорындарының кәсіпкерлік сенімділік индексі нақты қалыптасқан сұраныс деңгейі мен дайын өнім қорлары (соңғысы – кері белгісі бар) бағаларының «баланстарының» орташа арифметикалық мәні ретінде, сондай-ақ өндіріс көлемінің күтілетін өзгерістері пайызбен есептеледі.

Сауда кәсіпорындарының кәсіпкерлік сенімділік индексі нақты қалыптасқан экономикалық жағдай мен қойма қорларының деңгейін бағалаудың «баланстарының» орташа арифметикалық мәні ретінде (соңғысы – кері белгісі бар), сондай-ақ экономикалық жағдайдың күтілетін өзгерістері пайызбен есептеледі.

Құрылыс кәсіпорындарының кәсіпкерлік сенімділік индексі тапсырыстар портфелінің нақты жай-күйін бағалаудың «баланстарының» орташа арифметикалық мәні және ұйымдарда жұмыс істейтін санның күтілетін өзгерісі пайызбен есептеледі. Баланс деп зерттелетін кәсіпорынның

шаруашылық қызметінің қандай да бір көрсеткішінің пайызбен «ұлғаюын» және «азаюын» атап өткен респонденттер үлесінің айырмасын түсіну керек.

## 4. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер

Конъюнктуралық зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан кәсіпорындарының іскерлік белсенділігі

## 5. Электрондық кестелер

Конъюнктуралық зерттеу

*www.stat.gov.kz / Ресми статистика / Салалар бойынша / Шағын және орта кәсіпкерлік*


| **Шығаруға жауапты:** | **Департамент директоры:** | **Орындаушы:** | **Мекенжай:** |
|---|---|---|---|
| Ұлттық шоттар департаменті | Ә. Нақыпбеков | М.А.Абулкасимова | 010000, Астана қаласы |
| | Тел. +7 7172 749717 | Тел. +77172 749306 | Мәңгілік ел даңғылы, 8 |
| | | E-mail: m.abulkasimova@aspire.gov.kz | Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс |


*© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы*